

Әдебиет тізімі:

1. Қазақ КСР-ң ежелгі кезден бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихы - 3-ші басыл.: өңделг. – Алматы, 2011 ж. – 670 б. – 293-295 б.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Г. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 2004 – 560 б. – 265 б.
3. Күзембайұлы А., Әбіл Е.А. Қазақстан тарихы: ЖОО арналған оқулық. 7-ші басыл.: өңделг. және толықт. – Спб.: Соларт, 2004 ж. – 420 б. – 185-187 б.
4. Ресей Мемлекеттік мұратының материалдары.
5. Тереньтев М. А., Орта Азияның тарихы. 1 т. СПб, 1906
6. Арынғазы, Аб-уль-Азиз // Орыс биографиялық сөздігі: 25 том - СПб., 1900. – 2 т.: Алексинский - Бестужев-Рюмин.

УДК 94.054

АРЫНҒАЗЫ ХАННЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТУЫНДАУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Беков Д.С.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Қостанай қаласы
Ғылымижетекші: Исмаилов Серикжан Сағындыкович
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Қостанай қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада XIX ғасырда Кіші жүздің ханы болған Арынғазы ханның саяси қызметінің туындау және қалыптасу үдерісі қарастырылады. Автор Арынғазы ханның өмірі мен қызметін жан-жақты сипаттайды. Мақалада халықтың өмірін жақсартуға оң әсер еткен Арынғазы ханның саяси реформалары талданады. Автор осы тақырыпты зерттеушілердің дереккөздеріне сүйенеді. Сондай-ақ автор Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағатының бірқатар дереккөздерін пайдаланды.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, сұлтан, хан, Хиуа хандығы, реформа, әскери құрылыстар, қуғынға ұшырау, Бұқар әмірлігі, шапқыншылықтар, рулар тартыстары, Ресей империясы, Кіші жүз.

XIX ғасырда Қазақстан тарихында күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер болды. Сонымен, сол кезеңдегі ресми дереккөздерге сәйкес, Қазақ хандығында дәстүрлі билік институты – хан билігі біртіндеп жойылды. Хан билігінің жойылуымен қатар, қазақ халқының жері тартып алынды, кейін ол жерлерде Ресей империясы қорғаныс құрылыстарын, әскери бекіністер мен қорғандар салды. Сол кезеңде қазақ халқы Ресей империясының тарапынан ғана емес, сондай-ақ патша әкімшілігі сияқты қазақ жерлерін тартып алуға мүдделі болған Қоқан және Хиуа билеушілерінің тарапынан да қуғынға ұшырады. РМТМ (Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағат) мұрағаттық құжаттарына сәйкес Оңтүстік Қазақстан мен Сырдарияның аумағында қоқандық және хиуалық әскери бекіністер болған, олардың отрядтары қазақ даласына бірнеше рет шапқыншылық жасаған, елді мекендерді тонаған, адамдарды тұтқынға алған және малдарын ұрлаған. Ресми деректерге сәйкес, Қазақ хандығына қатысты қатал басқыншылық саясатын Хиуа жүргізген. 1810 жылдан бастап 1820 жыл аралығындағы кезеңде хиуалықтардың Сырдария аумағына бірнеше рет қанды шапқыншылықтар жасауы және осылайша Ембі және Мұғалжар өңірлеріне дейін

жеткені жоғарыда аталған деректің дәлелі болып табылады. Осылайша, биік таулар, жылдам ағысты өзендер және байтақ теңіздер сияқты табиғи жабындары жоқ қазақ халқы Ресей империясы мен орта азиялық хандықтар арасында қыспақта қалған. Кейін қазақтар сырттан келген басқыншылармен күресу үшін бар күшін салды.

Сыртқы факторлармен қатар, қазақ халқының жағдайын ішкі факторлар да күрделендірді. Ресми дереккөздерге сәйкес, зерттелген кезеңде қазақ халқының қиын жағдайын ішкі феодалдық алауыздық, сұлтандар мен хандардың мемлекетте билік үшін күресі күрделендірді. Бұл жағдай билік өкілдерінің өліміне әкеп соқты. Мысалы, Кіші жүздің өзінде Әбілқайыр, Есім, Жантөре хандар өлтірілді. Соның салдарынан көптеген озық және стратегиялық дарынды билік өкілдері өздерінің барлық күш-жігерлері мен дағдыларын белсендіріп, оларды бөлектеніп кеткен қазақ тайпаларын біріктіруге, хан билігінің анағұрлым күрделі институтын қалпына келтіруге және қалыптастыруға, сондай-ақ сыртқы басқыншылардың қауіп-қатеріне тойтарыс беруге бағыттады.

Қазақ халқының еркіндігі мен дербестігі үшін күресушілердің қатарына Арынғазы сұлтан да жатады, кейін ол хан атағын алды. Арынғазы басым болған таптардың аясында ғана танымал болған жоқ. Оның есімі қарапайым халықтың арасында да танымал болды. Демек, Арынғазы хан феодаларалық соғыстарға қарсылық білдірумен қатар, дала халқының бірлігі, тәртібі мен бейбітшілігі үшін белсенді күресті.

Зерделенген деректерге сәйкес, Арынғазы хан 1785 жылы дүниеге келген. Оның отбасы бүкіл қазақ даласында танымал болды. Арынғазы хан Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Жәнібек ханның тікелей ұрпағы болған. Ресми деректер бойынша Арынғазы ханның арғы бабаларының кейбірі бір кездері Хиуа билеушілері болған. Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағатында Арынғазы ханның туысы болған тарихи әскери қызметкер, секундмайор, орыс әскеріндегі алғашқы қазақ офицері Серғазы Қайыпхановтың жеке ісі бар. Жоғарыда келтірілген деректер Арынғазы хан кейбір өкілдері тарихта өз ізін қалдырған білімді отбасыдан шыққанын дәлелдейді.

Арынғазы ханның балалық шағы мен жасөспірім шағы Бұқарда өткен, кейін ол әкесімен бірге Солтүстік Аралмаңына көшіп кеткен. Бала кезінен бастап Арынғазы хан ақсүйек-сұлтан ретінде дала дәстүрлері бойынша тәрбиеленді. Аға буынның тәрбиесі мен үлгісінің арқасында Арынғазы сұлтан жастық шағында дала халқы арасында танымалдыққа ие болды, хиуалық басқыншылармен күресуде өзінің жауынгерлік ерліктерімен атағы кеңінен таралды. Қазақ хандығының кең даласында Арынғазы сұлтанның атағы ержүрек жауынгер, керемет шабандоз және мерген ретінде кеңінен таралды. Сонымен қатар, көкпар шабандозы ретінде танымал болды. Бұл жарыста оған тең келер ешкім болған жоқ.

Арынғазы сұлтан Санкт-Петербургке келгені туралы 1821 жылғы анықтама Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағатында сақталған. Санкт-Петербургке барған кезде сұлтан кездескен адамдардың барлығында ол туралы жақсы пікірлер қалыптасты. Бұл анықтамада мынадай дерек сипатталады: «Арынғазы сұлтанның көне болаттан жасалған және баға жетпес қылышы орасан зор қызығушылық тудырды».

Замандастарының естеліктеріне сүйенсек, Арынғазы сұлтан қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген. Сонымен қатар, ол араб тілінде де оқи және жаза білген. Бұл дерек сұлтанның жан-жақты дамыған және сауатты болғанын білдіреді. Сұлтанның замандастары оны ұзын бойлы, мүсіні келбетті, өзін-өзі керемет ұстайтын адам деп сипаттаған. Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағатында ресейлік әскердің бас штабының капитаны Е.К. Мейндорфтың жазбасы сақталған, онда Арынғазы сұлтанға мынадай сипаттама берілген: «Сұлтанның бетінің түсі тегіс, көздері көрікті әрі үлкен, сыртқы келбеті жағымды әрі байсалды. Бізге парасатты адам ретінде әсер қалдырды».

Арынғазының мінез-құлқы, ниеттері, жоспарлары оның басқа қарапайым адамдарға қарағанда жоғары деңгейде екендігін көрсетті. Ол қатал, әрекетшіл, жігерлі болды...». Осылайша, Арынғазы сұлтан шынайы ақсүйек болды, мемлекет пен қарапайым халықтың тағдырына алаңдады деп толық сенімділікпен айтуға болады. Арынғазы сұлтанның айналасындағылар оны байсалды, сенімді, лайықты, үлгілі адам ретінде көрді. Сол кездегі адамдар оған тартылды. Олар үшін сұлтан жоғары сенімділікті тудырған абыройлы адам болды.

Хан болып сайланғанға дейін жас Арынғазы сұлтанның саяси ықпалы мен абыройы орасан зор болды. Әкесі – Кіші жүздің ханы Әбілғазы қайтқаннан кейін Жүздің ішінде билік үшін руаралық шиеленістер көбейіп кетті. 1816 жылы Жанкентте Арынғазы сұлтан сырдариялық қазақтардың ханы болып сайланды, оның негізгі руаралы шекті, шөмекей, тотқара және жаппас болды. Хан болып сайланған Арынғазы Ресей империясы мен Бұқар хандығына бағдарланған көрегендік саясат жүргізді. Арынғазы хан осы екі мемлекеттің қолдауына сенім артты. Олардың көмегімен болашақта Кіші жүздің ханына айналуға үміттенді.

Хан атанған Арынғазы Жүздегі ауқымды өзгерістерге бас күш-жігерін салды. Осылайша, Жүзде қолданған саясатының арқасында бұрыннан болып жатқан руаралық дауларды талқылау үдерісі жүргізілді. Арынғазы хан барымта жинауға үзілді-кесілді тыйым салды. Сонымен қатар, хан салықтық саясатты да жүргізді, соның арқасында тұрғындардан заңсыз салықтарды жинауға тыйым салынды. Халықтан заңсыз салықтарды жинауға тыйым салынуы Кіші жүздегі феодалдық бассыздықтарға шектеу қойды.

Көрегендік және кең ауқымды саясатын жүргізе отырып, Арынғазы өз айналасына жинаған әрекетшіл және ақылды адамдардың пікіріне сүйенді. Сақталған деректерге сүйенсек, Арынғазы ауылдарға жиі барған, осылайша әртүрлі даул мәселелерді шешкен және бұрыннан бері жауласып келе жатқан руларды татуластырған. Арынғазы хан Кіші жүздегі билікті реформалады. Бұл деректің дәлелі болып аға буынның билігін күрт шектеу және сұлтандардың өктемдігін толық жою табылады. Арынғазы хан өз билігін өзінің сенімді тұлғалары, яғни жасауылдары арқылы іске асырды. Жасауылдарды Кіші жүздің әрбір қазақ руында Арынғазы ханның өзі тағайындаған. Сонымен қатар, жасауылдарды қамту үшін хан арнайы алымдар енгізді. Өзінің сенімді тұлғаларының арқасында Арынғазы хан Кіші жүздің негізгі руларының арасындағы қатал даулар мен қантөгіс қақтығыстардың нысанына жиі айналатын жайылым жерлерді пайдалану мәселелерін аса қысқа мерзім ішінде ретке келтірді.

Зерттелген кезең ішінде қазақ халқы өзінің басты байлығы – малынан жиі айырылған. Бейбіт халықтың малдарын халық арасында «барымташылар» деп аталып кеткен әртүрлі қылмыстық топтар өте жиі ұрлаған. Арынғазы хан барлық қылмыстық әрекеттерді тоқтатуға барынша тырысты. Өздерінің қылмыстық әрекеттерімен жергілікті халық арасында үрей тудырған барымташылардың 30 шақты топтары Арынғазы ханның бұйрығымен ұсталды. Ұсталған қылмыскерлер көпшілік алдында өлімге кесілді. Билік еткен кезең ішінде Арынғазы хан дәстүрлі дала заңдарына сүйенген билер сотының өкілеттігін шектеді. Оның бұйрығына сәйкес, сот мұсылман заңнамасы – шарифаттың аясында қатаң түрде іске асырылды. Замандастарының естеліктеріне сәйкес, өз қызметінің нәтижесінде Арынғазы хан Кіші жүздің қазақтарының арасында ғана танымал болған жоқ. Абыройлы билеуші ретіндегі оның атағы кең далаға таралды. Арынғазы ханның ресми қабылдауына Орта және Ұлы жүздердің кейбір руларының өкілдері де бірнеше рет келіп, руаралық даулы мәселелерді шешіп беруін сұраған. Арынғазы хан немқұрайлылық танытпай, осындай мәселелерді шешуге қолынан келгенше көмектескен.

XIX ғасырдағы бұқарлық жылнамаларда Арынғазы ханды Бұқар әміршісі мойындағаны сипатталады. Осы жылнамаларға сәйкес, Бұқар әміршісі Арынғазы ханға «Эмир аль-Муслимин» - Діндар адамдарды билеуші» деген атақ беріп, осылайша оны «жалғыз хан» деп мойындаған. Сонымен қатар, Бұқар әміршісі сауда жолы Кіші жүздің жерлері арқылы өткен барлық бұқарлық көпестерге Арынғазы ханға алым төлеуді бұйырған.

Жоғарыда сипатталған жайттар, сондай-ақ басқа көптеген деректер Кіші жүздің ханы Арынғазының атағы қазақтың кең байтақ жеріне таралғанының дәлелі болып табылады. Жүргізген саясатының, абыройының және қарапайым халықтың тағдырына алаңдаушылығының арқасында Арынғазы ханға Тыным-хан деген лақап ат қойылды, оның аудармасы «бітімгер хан» дегенді білдіреді. Осындай дерек қазақ руларының өз ханына деген сүйіспеншілігі мен құрметін білдіреді. Сонау қиын жағдайларда барлық хандар өз халқының ілтипат-ізетін иелене алмағанын атап өткен жөн.

Осы кезеңде Қазақ хандығының барлық шекараларында бейбіт қарым-қатынастар орнаған жоқ. Ресей мен Бұқардың шекараларында Арынғазы хан бейбіт өмір сүруге уағдаласа алғанымен, Хиуамен шекарадағы жағдай керісінше болды. Хиуа әміршілері Қазақ хандығының аумағына бірнеше рет басқыншылық жасап, осылайша озбырлығын қатайта түсті. Кейін Арынғазы хан хиуалық басқыншылармен күресу үшін бар күш-жігерін салды. Алдағы уақытта бұл күрес басқа сипатты иеленіп, Кіші жүздің ханы Арынғазы басқарған ұлт-азаттық қозғалысқа айналды.

Әдебиет тізімі:

1. Қазақ КСР-ң ежелгі кезден бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихы - 3-ші басыл.: өңделг. – Алматы, 2011 ж. – 670 б. – 293-295 б.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Г. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 2004 – 560 б. – 265 б.
3. Күзембайұлы А., Әбіл Е.А. Қазақстан тарихы: ЖОО арналған оқулық. 7-ші басыл.: өңделг. және толықт. – Спб.: Соларт, 2004 ж. – 420 б. – 185-187 б.
4. Ресей Мемлекеттік мұратының материалдары.

УДК 378.2

РАССМОТРЕНИЕ ОСНОВНЫХ ПОНЯТИЙ КОНФЛИКТОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В НАУЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Бисембаева А.К.

Костанайский государственный университет им. А.Байтурсынова,
г. Костанай

Научный руководитель: Саркисян Ш.В.

Костанайский государственный университет им. А.Байтурсынова,
г. Костанай

Аннотация: Бұл мақалада конфликтологиялық мәдениетті қалыптастырумен байланысты негізгі дефинициялар туралы мәселе қарастырылады. Бұл педагогикалық бағытта мәдениет, жанжал, білім беру және басқа да терминдер негізгі ұғымдар болып табылады. Айта кету керек, автор ғылыми дереккөздердің кең ауқымында қолданылатын ұғымдарды қарастыруға тырысты.